

Ибраимова Анар Ратаевнаның «8D02209– Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақ және қытай тілдеріндегі этикет нормаларының лингвомәдени ерекшеліктері» атты диссертациялық жұмысына ғылыми көңесшінің

ПІКІРІ

Кез келген халықтың ұлттың рухани мәдениетінде ерекше орын алатын маңызды да қызықты тілдік категориясы этикет болып табылады. «Қазақ және қытай тілдеріндегі этикет нормаларының лингвомәдени ерекшеліктері» деп аталатын докторанттың зерттеу тақырыбы ғылыми маңызды мәселе екенін танытып тұр. Диссертациялық жұмыс тақырыбының Қазақстан лингвистикасындағы және мәдениетіндегі этикет нормаларының қытай тілі этикетімен тілдік ұқсастықтары мен ерекшеліктері бойынша салғастыра зерттеуге арналғаны әлемдік лингвистикадағы маңызды, да өзекті мәселелердің бірі деп есептейміз.

Анар Ибраимованаң диссертациялық жұмысы кіріспе бөлімнен, үш тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттерден тұрады. Ол қытай тілін жетік білетін маман ретінде зерттеу тақырыбына қатысты материалдарды мол пайдаланған. Қазақстандық шығыстану ғылымында бүгінгі күнге дейін кейбір ғалымдардың, зерттеушілердің, лингвистер мен мәдениеттанушылардың түрлі нағым-сенімдерге, фольклорға байланысты жүргізген зерттеу жұмыстарында этикет түрлері жайында айтылғанымен докторанттың диссертациялық жұмысына арқау болып отырған қазақ-қытай тілдеріндегі этикет мәдениетінің танымдық сипаттары мен ұғымдық ерекшеліктері, этикет бірліктерінің ерекше мағынаға ие болуына байланысты мағыналық қыры арнайы зерттеу нысанына айналмаған.

Зерттеуші бірінші тарауда жалпы этикеттің тарихи-лингвистикалық және этномәдени негіздерін және оның әдістемелерінің зерттелу деңгейін саралай отырып, өзінің негізгі ғылыми-теориялық тұжырымдарын шетелдік ғалымдардың этикет нормалары жайында айтқан ғылыми пікірлерімен бекітіп отырады. Сонымен бірге қытай және қазақ этикеттері мен дүниетанымдық концепт мәселесін зерттей отырып, олардың генезисін, қалыптасуын және олардың түрлерін нақты мысалдармен көрсете білген. Ежелгі түркі және қытай халықтарының дүниетанымдарын, нағым-сенімдерін тек қоршаған ортадағы заттар мен қарым-қатынас қасиеттерін анықтауға бағытталған азыз-әңгімелермен ғана емес, оларды мақал-мәтелдерден, этикет сияқты түсініктерден де көруге болатынын анықтайды.

Диссертациялық жұмыста қарастырған салғастырмалы әдістің ғылыми өзіндік мақсаттары мен міндеттері, әдістері барлығы дәлелді түрде анықталған.

Докторант адамдар арасындағы қарым-қатынасының нәтижелі болуы қоғамда қалыптасқан сөйлеу этикетімен тығыз байланысты екенін атап өтіп, түрлі мысалдармен оны дәлелдейді. Сондықтан қоғамда тілдің коммуникативтік қызметі маңызды роль атқарады. Қоғамдағы салт-дәстүр, әдет-ғұрып, мәдениет, тәрбие, өмір сүру дағылары мен әдебі үздіксіз дамып

отыратын құбылыс. Алайда, әрбір халық өзге елмен ұлттық болмысы мен дәстүрі негізінде қалыптасқан сөйлеу этикеті нормалары мен ережелеріне сүйене отырып байланыс орнатады. Сондықтан этикет ұғымындағы мәселелер барлық халыққа ортақ деген тұжырым жасайды.

Зертеу жұмысында Қытай этикеті бір-бірімен өзара байланысты үш аспектіден, яғни, сыртқы келбет, әдептілік және сөйлеу әдебінен тұратынын кеңінен талдап жазған. Себебі, тіл – адамның ең маңызды қарым-қатынас құралы. Ал, әдептілікке негізделген сұхбат сипайы тілдің негізгі мазмұнын құрайды. Ол – дыбыс пен мағынаны біріктіретін таңбалар жүйесі. Адамдар айтқан әрбір сез белгілі бір дыбыстық форма арқылы мағына береді және ол арқылы сөйлесушінің ойы мен сезімін білдіреді. Сөз болып отырған абстрактылық-символдық концептерді адам санаындағы негізгі ұғымдардың таңбалық көрінісін белгілі бір зандаудыққа бағынатын идея деп те тануға болатынын айтады.

Диссертациялық жұмыстың екінші бөлімінде этикет бірліктері мен нормаларының қазақ және қытай тілдеріндегі лингвомәдени көрінісі туралы айтылады. Оның ішінде *іскерлік этикет*, *отбасылық этикет* және *қонақ күту* мен *әлеуметтік желідегі жастардың сөйлеу этикеті* туралы жан-жақты талдау жасап, салғастыра зерттеу жасауға сонымен бірге қазақ және қытай тілдеріндегі ұлттық ерекшеліктерін анықтауға тырысады. Екі халықтың дүниетанымында ұлттық-мәдени сипатқа ие болған отбасы, тәрбие, құрмет пен сыйластықтың, қарым-қатынастың, сөйлеу әдебінің және т.б. этикетке қатысты тілдік бірліктердің қызметін талдайды. Бұл тарау негізінен диссертациялық жұмыстың практикалық жағы деп түсінеміз. Ізденуші екі халықтың мәдениетіне терең бойлап, әлемдік өркениетте өз орны бар осы этикеттің халық санаына ерекше мәнімен енгендігін, олардың тәрбиелік сипатымен халық түсінігінде әбден сіңісп алғандығын толыққанды талдап көрсетеді.

Адамзат баласы ғылым-білімді, тәлім-тәрбиені тіл арқылы алады, мәдениетті, өнерді тіл тарқылы үйренеді және тіл ұлттық ерекшеліктердің бірі, ұлт дүниетанымының бір формасы ретінде зерделей отырып, онда әрбір халықтың ұлттық сана-сезімінің, ойлау жүйесінің, мінез-құлқының нышандары сақталатынын өте жақсы пайымдаған. Сондықтан да қазақ және қытай халықтарының өздеріне ғана тән танымына, талғамына сай тілдік ерекшеліктері этикеттен байқалатынын, тілдегі этикет формаларының құрылымдық, ұғымдық сипаттары олардың кездейсоқ пайда бола салмағандығын, қайта олардың әрбірінің астарында терең мағына, ұлттық дүниетаным жатқандығын жақсы көрсете білген.

Қазақ және қытай тілдеріндегі этикет нормаларының, тілдік бірліктердің қолданысының ерекшеліктеріне тоқталып, ондағы таңбалар мен белгілердің ой-танымдағы, дәстүрлі қолданыстағы табиғатын ашуға мән береді.

Үшінші тарауда ізденуші қазақ және қытай тілдеріндегі этикетке қатысты мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипатын анықтауға назар аударады.

Мұнда қос тілдегі этикет жайлы мақал-мәтелдердің ұлттық сипаты мен ерекшеліктеріне үлкен мән беріп, Абай мен Конфуцийдің этикет тақырыбындағы даналық сөздеріне тұшымды талдау жасаған.

Диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижесінде қазақ-қытай этикет жүйесін біртұтас қарастыра отырып, этикеттің қоғам мен адам өміріндегі маңызды рөл ойнайтыны анықталған.

Жалпы, зерттеуші аталған тақырып төңірегінде қарастырған мәселелерді белгілі ғалымдардың, лингвистердің, мәдениеттанушылардың ғылыми пікірлеріне, көзқарастарына нақты сілтемелер жасай отырып, көздеңен мақсатына жеткен деп есептейміз.

А. Ибраимованаң зерттеу жұмысы бүгінің таңда маңыздылығымен ерекшеленеді. Диссиденттант қытай тілін менгерген. Бұл зерттеу еңбегінде анық байқалады.

Қорыта айтқанда, ізденушінің теориялық дайындығы өте жақсы, зерттеу жұмысының өзектілігінің мәні зор. Деректер мен дәйектерді салыстырып, өзіндік ой-тұжырым жасауға төсөлген. Ибраимова Анар Ратаевнаның дайындаған диссертациялық жұмысын толық аяқталған дербес зерттеу жұмыс деп бағалап, «8D02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп есептейміз.

Отандық ғылыми кеңесші
Ph.D

Досымбекова Р.О.

